

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 156 (9218) | 1953 жылғы 5 август Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Егін жыйнауға ұйымшылдықпен кірісіп, астықты мол дайындайық

Партияның XIX съезі ауыл шаруашылығына озат агрономиялық мәдениетті батыл енгізе отырып, бесжылдықта егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу міндетін алға қойды. Бұл күндері бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты облысымыздың колхоз, совхоздарының егіншілері партияның XIX съезінің дөңді дақылдардың өнімділігін арттыру жөніндегі қарарларын әброймен орындау жолында жанамай еңбек етуде.

Көзір облыс еңбекшілерінің алдында аса күрделі міндеттер тұр. Ол ауыл шаруашылығындағы ең маусымды жұмыс — егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымшылдықпен бастап, астық тапсыру жоспарын қысқа мерзімде, ойдағыдай орындау болып табылады. Бұл жөнінде Ақмола облысының еңбекшілері игілікті бетстама бастады. Олар республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілеріне үлгі жазып, егін жыйнауы 20—25 жұмыс күні ішінде аяқтауға, орақтың бірінші күндерінен бастап мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын өрістете жүргізуге және осы жылғы 20 сентябрьге дейін әрбір колхоз бен совхозда астық тапсыру жоспарын толық орындауға міндеттенді.

Егін жыйнау мен астық дайындауды ең қысқа мерзімде, табысты аяқтауға біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздарында да қажетті мүмкіншіліктердің бәрі бар. Быйыл облыста егін түгелдей комбайндармен жыйналады. Қырман-дарда астық тазалайтын машиналар, астық кентіретін, өлшейтін құрал-жабдықтар да колхоздар мен совхоздарға жеткілікті.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары егін жыйнау мен астық дайындауға зор ұйымшылдықпен кірісті. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Петропавл ауданындағы Сталин атындағы, «Луч Ленина», Конохов ауданындағы «Пролетарское знамя» колхоздарын қосуға болады. Бұл колхоздарда астық қырман-дары, астық тазалайтын машиналар,

Міндет — қырман-дарды астық қабылдауға дұрыс жабдықтап, астық тазартатын машиналарды, астық кентіретін орындарды, астық өлшеп, тиейтін құрал-жабдықтарды жақсы әзірлеп, жұмысқа қоса білуде.

Бірақ, облыстың бірқатар МТС-тері, колхоздары мен совхоздары егін жыйнауға әзірліксіз кірісіп отыр. Олардың бір-сыпырасында астық қырман-дары әлі күнге жабдықталмаған, астық тазалайтын машиналар, комбайндар жөндеуден өтпеген, астық кентіретін орындар, астық өлшеп тиейтін құрал-жабдықтар толық әзірленбеген. Мұның өзі егін орағының алғашқы күндерден бастап табысты жүргізілуіне үлкен бөгет жасауда.

Ленин ауданындағы «Бірлік», «Еңбек» колхоздарында осы күнге дейін астық қырман-дары жабдықталып болмаған, астық дайындауға қажетті машиналар, арбалар әзірленбеген. Бұл колхоздардың басшылары қырман-дарды жақсы жабдықтап, оларда астық дайындау жұмыстарын толық механикаландыру жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамауы, мұндай маңызды іске жеңіл-желпі қарауы тіпті төзуге болмайтын жағдай.

Барлық жерде дөңді дақылдар пісіп, орауға келіп калса да МТС-терде комбайндар жөндеуі бітпей отыр. Соның салдарынан колхоздарда егін жыйнау мезгілінде басталмай, кешіктірілуде. Комбайн-паркін жөндеуді әсіресе Николаевка, Мей-балық, Совет, Полудень МТС-тері тым ұзаққа созуда. Бұларда осы уақытқа дейін ондаған комбайндар мастерскойларда жөндеу күтін тұр. Полудень ауданындағы «Путь Ильича» колхозында 200 гектар бидай дақылы пісіп, орауға келді. Бірақ, амал не, комбайнның болмауы себепті бұл алаңның егіні піссе де орылмай, сабақта тұр. Ал, Полудень МТС-і бұл колхозға комбайн жіберіп, піскен егінді деркезінде жыйнау жөнінде еңбір қамқорлық жасамай отыр. Мұндай фактілерді басқа да бірнеше МТС-терден кездестіруге болады.

Көзір барлық жерде егінді орып жый-

Егін жыйнау — маусымды жұмыс, оны кешеуілдетуге болмайды

Комбайншының серті

Әділбаев жолдастың Торангүл МТС-те комбайншы болып істегеніне бірнеше жыл болды. Бұл жылдардың ішінде ол комбайнмен егін жыйнау жөнінде көп тәжірибе алды. 1950—1951 жылдары комбайнмен егін жыйнауға үздік табыстарға жеткені үшін Әділбаев жолдас Ленин орденімен наградталды. Ол өткен жылы да айтарлықтай табыстарға жетті.

Әділбаев жолдас быйылғы маусымда 20 жұмыс күні ішінде 800 гектар егін жыйнап, 12 мың центнер астық бастыруға міндеттеме алды. Оның бұл міндеттемені мүлтіксіз орындауға толық мүмкіншілігі бар. Ол жұмыс істейтін комбайн сапалы жөндеген. Агрегат мүшелерінің көпшілігі өткен жылы жұмыс істеген тәжірибелі адамдар. Комбайншы «Қызылту» колхозында егін жыйнайды. Өзінің егін жыйнайтын участогін күнілері қабылдап алды. Көзір ол бұрын піскен егін участоктерін іріктеп ора бастады.

20 күнде тіркеудегі бір «Сталинец—6» комбайнымен 800 гектар егін жыйнау өнімді еңбек етуді, машинаның қуатын толық пайдалануды талап етеді. Бұл үшін таңдаулы комбайншы жұмысты тек сағаттық график бойынша істейді. Комбайнмен егін оруды осылай ұйымдастырып, ол агрегаттың күн сайын өнімді жұмыс істеуіне жетіседі. Оның комбайнмен өнімді жұмыс істеуіне егін бригадалары қажетті жағдайдың бәрін жасауда. Мысалы, бункердегі астық автомашинаға, арбаларға комбайн жүріп бара жатқанда тиіледі. Бұл арқылы тәулігіне екі-үш сағат жұмыс уақытын үнемдеуге болады.

Әділбаев жолдас комбайнмен егін жыйнауға сағаттық график бойынша жұмыс істеп, колхоздың егін жыйнау науқанын қысқа мерзімде өткізуіне, мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау және тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауына үлкен көмек көрсетеді. Ол өзінің берген сертіне әрқашан берік.

А. БОШАТАЕВ,
Торангүл МТС-і директорының саяси

Егін жыйнау — маусымды іс және бұл іс кешіктіруді көтермейді. Егінді мерзімінде жыйнап алсаң — ұтқаның, егін жыйнауға кешіксең — ұтылғаның.

И. СТАЛИН.

Егін жыйнау мен астық дайындауды үлгілі ұйымдастырамыз

Совхоз коллективі партиямыздың XIX съезінің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын мүлтіксіз жүзеге асыру жолында жанамай еңбек ете отырып, егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарына әзірлікті күні бұрын қолға алды. Мұның нәтижесінде совхозда бұл науқанға әзірлену барлық жағынан үлгілі аяқталды.

Механизаторлар 60 комбайнның мезгілінде және сапалы жөндеуін қамтамасыз етті. Сол сыяқты, комбайн агрегаттарын сүйрейтін 20 шыңжыр табанды трактор да жұмысқа толық әзір етілді.

Комбайн агрегаттары комбайншылармен, олардың көмекшілерімен және агрегатта жұмыс істейтін басқа да адамдармен қамтамасыз етілді. Агрегат құрамы көзірдің өзінде агрегат бастырына белгілі.

Быйыл әрбір комбайн агрегатымен тәулігіне 20 сағат егін жыйнау жұмыстарын отырмыз. Мұның жүзеге асырылуы еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, комбайндар мен тракторларға техникалық көмектің жақсартылуына тығыз байланысты. Совхоз дирекциясы бұл мәселелерге жете көңіл бөлуде.

Алдыңғы қатарлы комбайншылар 25 жұмыс күні ішінде 1200 гектар егін жыйнауға серт беріп отыр. Бұл үшін олар жұмысты тек сағаттық график бойынша жүргізеді. Олардың әрқайсысының маршрут-жоспары болады. Комбайншылар К. Гайворонский, М. Омаров, және Я. Меньшиков жолдастар быйылғы егін жыйнау маусымында зор табыстарға ие болған еді. Олар быйыл да қос комбайнмен 25 күн ішінде 1200 гектардан егін жыйнауға серт беруде.

Егін жыйнау кезіндегі күрделі жұмыстардың бірі — астық дайындау, мемлекетке тапсыру болып табылады. Ком-

байншыларға мүмкіндік туғызады. Қырман-дарда астық өлшегіштер де жеткілікті болады. Комбайннан алынған астық және дайындау пункттеріне жөнелтілетін астық қолма-қол өлшеніп дұрыс есепке алынады.

Жаңа астықты элеваторлар мен дайындау пункттеріне жөнелту үшін кемінде 20 автомашина жұмыс істейді. Бұлармен күн сайын мыңдаған центнер астықты қабылдау пункттеріне жеткіземіз. Бұл сөз жоқ мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындауға мүмкіндік береді.

Комбайн агрегаттарының жұмысының өнімді болуы оны жақсы қамтуға, бункерден астық қабылдауды үлгілі ұйымдастыруға тікелей байланысты. Сондықтан да бізде комбайндармен бастырылған астықты қырман-дарға тасу үшін 25 автомашина және 30 жұмыс көлігі бөлінді.

Совхоз партия ұйымы егіншілер арасында жүргізілетін үгіт-бұқаралық жұмыстарының жоспарын жасады. Ол комбайншылар, тракторшылар және басқа да жұмысшылар арасында еңбек өнімділігін арттыруға, егін жыйнау мен астық дайындауды табысты жүргізуге бағытталып жасалған. Егін жыйнау мен астық дайындау кезінде ондаған үгітшілер егіншілер арасында қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарып, көрсеткіш тақталарын толтырады, оларға газет, журналдар оқып тұрады. Басқа да сол сыяқты үгіт-бұқаралық жұмыстар жүргізіледі.

Быйыл совхозда жыйналатын егіннің көлемі өткен жылдан анағұрлым артты. Совхоз механизаторлары 17 мың гектардан астам егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнауға тиіс. Бұл — өте жауапты міндет. Сондықтан егін жыйнау алғашқы күннен бастап, ұйымшылдықпен жүргізілгені керек. Бұл совхозда күн-

Астық қабылдауға әзір емес

Булаев ауданының Ленин атындағы колхозы аудандағы ең ірі колхоздың бірі. Колхоздың егін даласында быйыл 7 комбайн жұмыс істейді. Колхоз басқармасы жаңа астықты орып, жыйнауға үлгілі әзірлік жүргізіп, оған ұйымшылдықпен кірісуді қамтамасыз етуге тиіс еді.

Алайда, көзір жағдай бұған керісінше, болып отыр. Колхозда осы уақытқа дейін астық тазартатын машиналардың бірде-біреуі жөндемеген. Астық тазартатын машиналар жыйналып жөндемей әр жерде шашылып жатыр.

Осы сыяқты, мұнда астық қоймаларын жөндеу, оларды жаңа астықты қабылдауға әзірлеу жұмыстары да қолға алынбаған.

Көзір алғашқы піскен егін орылып жатыр. Колхоз басшылары бастырылған астықты тазалау, кентіру, оны дайындау орындарына жөнелту ісін қалай ұйымдастырар екен?

И. РАМАЗАНОВ,

ҚКП Булаев аудандық комитетінің нұсқаушысы.

Табыс жолы

Шағлы астық совхозының комбайншысы Жәмінов жолдас егін жыйнауға жыл-ма-жыл елеулі табыстарға ие болып келеді. Ол өткен жылы өздігінен жүретін комбайнмен 635 гектар алаңның егінін жыйнаған-ды. Жәмінов жолдас быйылғы маусымда бұдан да зор табысқа жету үшін егін жыйнауға жақсы әзірленді. Оның комбайны сапалы жөндеуден өтті. Комбайн екінші астық тазартқыш механизмдерімен жақсы жабдықталған.

Міне, комбайншы егін жыйнауға осындай тырғылықты әзірлікпен кіріскелі отыр.

С. ШАҚАМАНОВ.

Егін орағы кең өріс алуда

Петропавл ауданының колхоздарында

